Қамқоршылық кеңестің отырысы

Хаттама №1

Өткізілген уақыты: тамыз айы 2025 жыл
Қатысқандар:
Азамат Кеңесұлы – ҚК төрағасы
Мусаев Б.М. – ҚК мүшесі
Арғынбаева Г.М. – ҚК мүшесі
Жармаганбетова С.Ж. – ҚК мүшесі
Хасенова Ж.Н. – ҚК мүшесі
Махметов А.Т. – ҚК мүшесі
Мұқамедия Н.Н – ҚК мүшесі
С.Буян – мектеп директоры
Сейдахметова Г.Г. – ДТІЖО
Достанбаева Қ.М. – ДОІЖО
Оспанова Г.Ж. – әлеуметтік педагог
Қатыспағандар: жоқ

Күн тәртібі:

1. ҚР БҒМ 27.07.2017 ж. №355 бұйрығымен бекітілген *«Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің жаңа үлгілік қағидаларымен»* танысу.
2. Мектеп бойынша *«Сыбайлас жемқорлықтың себептері мен жағдайларын болдырмау»* туралы бұйрықпен танысу.
3. Мектептегі қоңырау кестесі мен сабақ кестесін қарастыру.
4. Тегін тамақ алу үшін жеңілдік категорияларына жататын оқушылар тізімін қарастыру.
5. 2025–2026 оқу жылына арналған педагогикалық кеңестің жоспарын талқылау және бекіту.
6. Оқушылардың тамақтану сапасын бақылау мониторингтік комиссиясының жұмысына қатысу.
7. 2025–2026 оқу жылына арналған мектеп формасын қарастыру және келісу.
8. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:
Мектеп директоры С.Буян қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің жаңа үлгілік қағидаларымен таныстырды. Кеңес мүшелері өздерінің құқықтары мен міндеттері жөнінде ақпарат алды.

2-мәселе бойынша:
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сейдахметова Г.Г. «Сыбайлас жемқорлықтың себептері мен жағдайларын болдырмау» туралы бұйрықтың мазмұнымен таныстырып, мектеп ұжымында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытындағы іс-шаралар жоспарының орындалуы жайлы мәлімет берді.

3-мәселе бойынша:
Оқу ісінің меңгерушісі Достанбаева Қ.М. жаңа оқу жылына арналған сабақ және қоңырау кестесімен таныстырды. Кеңес мүшелері ұсынылған кестені талқылап, бекітуге ұсынды.

4-мәселе бойынша:
Әлеуметтік педагог Оспанова Г.Ж. жеңілдік категорияларына жататын оқушылардың тізімімен таныстырып, тегін тамақтану тізімін бекіту қажеттігін айтты. Кеңес мүшелері құжаттардың толықтығын тексеруді және мәліметтерді «Egov» порталына уақытылы енгізуді ұсынды.

5-мәселе бойынша:
Педагогикалық кеңестің 2025–2026 оқу жылына арналған жоспары талқыланып, кеңес мүшелері тарапынан ұсыныстар енгізілді.

6-мәселе бойынша:
Мониторингтік комиссия мүшелері оқушылардың тамақтану сапасын бақылау бойынша жұмыстарды жүйелі түрде жүргізу керектігін атап өтті.

7-мәселе бойынша:
2025–2026 оқу жылына арналған мектеп формасы ҚР БҒМ №26 (14.01.2016 ж.) бұйрығына және №534 (30.12.2022 ж.) өзгерістеріне сәйкес қарастырылып, бекітілді.

Шешім:

1. Қамқоршылық кеңес мүшелері ҚР БҒМ №355 бұйрығымен толық танысып, жұмыс барысында қағидаларды басшылыққа алсын.
2. Мектеп ұжымында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар жалғастырылсын.
3. Сабақ және қоңырау кестесі қамқоршылық кеңес тарапынан мақұлдансын.
4. Тегін тамақ алуға өтініш берген жеңілдік категорияларындағы оқушылар тізімі бекітілсін.
5. Педагогикалық кеңестің 2025–2026 оқу жылына арналған жоспары бекітілсін.
6. Оқушылардың тамақтану сапасын бақылау мониторингтік комиссиясының жұмысы тұрақты түрде жүргізілсін.

7. Мектеп формасы ҚР БҒМ бұйрығына сәйкес қабылданған үлгіде бекітілсін.
8. Күн тәртібіндегі өзге мәселелер бойынша ұсыныстар ескеріліп, келесі отырыста қарастырылсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: _____Азамат Кеңесұлы

Хатшы: _____Нурмаганбетова А.Д.

Қамқоршылық кенестің отырысы

Хаттама №2

Өткізілген уақыты: қазан айы 2025 жыл
Қатысқандар:
Азамат Кеңесұлы – ҚК төрағасы
Мусаев Б.М. – ҚК мүшесі
Арғынбаева Г.М. – ҚК мүшесі
Жармаганбетова С.Ж. – ҚК мүшесі
Хасенова Ж.Н. – ҚК мүшесі
Махметов А.Т. – ҚК мүшесі
Мұқамедия Н.Н – ҚК мүшесі
С.Буян – мектеп директоры
Сейдахметова Г.Г. – ДТІЖО
Достанбаева Қ.М. – ДОІЖО
Оспанова Г.Ж. – әлеуметтік педагог
Калшаева Р.Р. - әлеуметтік педагог
Хасенова В.Ж. – психолог
Нурмаганбетова А.Д. – хатшы
Қатыспағандар: жоқ

Күн тәртібі:

1. Мектептің күнделікті қызметімен танысу (оқушыларға қауіпсіз жағдай жасау, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру, тамақтану, әлеуметтік-мәдени, сауықтыру, дамыту іс-шараларын өткізуге көмек көрсету, мектеп психологының қатысуымен оқушылармен әңгімелесу өткізу).
2. Мектепте ыстық тамақ ұйымдастыру мәселесін қарастыру.
3. «Мектепке жол» акциясын іске асыру.
4. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:
Мектеп директоры С.Буян мектептің күнделікті қызметі туралы ақпарат берді. Оқу жылының басынан бері оқу-тәрбие процесі тұрақты жүргізіліп отырғаны, оқушыларға қауіпсіз орта жасалғаны, санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталатыны атап өтілді.
Мектеп психологы Хасенова В.Ж. оқушылармен жүргізілген психологиялық әңгімелер мен бейімделу жұмыстарының нәтижелерімен бөлісті. Кеңес мүшелері тарапынан оқушылардың демалысы мен бос уақытын тиімді ұйымдастыру, мәдени және спорттық іс-шараларды көбейту жөнінде ұсыныстар айтылды.

2-мәселе бойынша:
Әлеуметтік педагог Калшаева Р.Р. Биылғы 2025-2026 оқу жылына 1-4 сыныптар 364 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылады. Биылғы жылда 1-4 сыныптың оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету кезінде бір ерекшелік НОБД сайтына тіркеліп,ваучер арқылы QR- мен сканерлеп,тамақтанатын болады, мектеп асханасынан «ИП. Галиева» отбасының жағдайы төмен 15 оқушыны тегін тамақтандыратын болды. Қамқоршылық кеңес мүшелері ас мәзірін, санитарлық талаптардың сақталуын, азық-түлік сапасын қарап шықты. Тамақтың сапасына және порция мөлшеріне байланысты ата-аналар тарапынан ұсыныстар талқыланды. Асхананың жұмысына тұрақты түрде бақылау жасау жөнінде шешім қабылданды.

3-мәселе бойынша:
Мектебіміздің әлеуметтік педагогы Оспанова Г.Ж. 2025 жылдың тамыз айынан 30 қыркүйегіне дейін әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу үшін аз қамтылған, көп балалы отбасылардан, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың оқушыларына қажетті көмек көрсету үшін «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы өткендігі жайлы сөз сөйледі. . Акцияға барлық ниет білдірушілер қатысты; еріктілер бизнесмендер, үкіметтік емес ұйымдар және басқалар. Аса мұқтаж отбасылардан шыққан оқушылар материалдық көмек алды. «Ақниет» фондынан көпбалалы отбасына 2 сумка мен сабаққа керекті оқу құралдарын берді. «Даулеттен» фондынан фондынан 2 сумка берілді Жетім және қолайсыз отбасыларына ауылымыздың мешіт имамы 8 сумка құралдарымен және ауылдың әкімдігінен Әбенов Алпамыс Әбенұлының қолдауымен «ИП Лидер Транк» жол жөндеу директоры Кудрясова Светлана Олеговна мектебіміздің мүгедек оқушыға сумка мен оқу құралдарымен толық қамтамасыз етті. «Дос Маркет» дүкені әкесі қайтыс болған оқушыға демеушілік жасап, мектепке керекті сумка мен толық оқу құралдарын әкеп берд.

4-мәселе бойынша:
Әр түрлі мәселелер талқыланды. Мектеп аумағындағы қауіпсіздік шараларын күшейту және оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу бойынша ұсыныстар енгізілді.

Шешім:

1. Мектептің оқу-тәрбие процесінің ұйымдастырылуы мен оқушыларға қауіпсіз жағдай жасау жұмыстары қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Мектеп асханасындағы ыстық тамақтың сапасын тұрақты бақылау және санитарлық талаптардың сақталуын қамтамасыз ету бойынша мониторинг жүргізілсін.

3. «Мектепке жол» акциясы шеңберінде көрсетілген көмек жұмыстары жалғастырылсын, демеушілермен байланыс нығайтылсын.
4. Мектеп психологының, әлеуметтік педагогтың және қамқоршылық кеңес мүшелерінің бірлескен кездесулерін тұрақты түрде өткізу ұсынылсын.
5. Әр түрлі мәселелер бойынша ұсыныстар келесі отырыста қарастырылсын.

Төраға _____

Хатшы _____